



БҰЙРЫҚ

26.05.2025

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 40

город Алматы

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері
бойынша ішкі талдау жүргізу
жұмыс тобын құру туралы**

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге директордың әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары А. Базарбекқызы жауапты болып айқындалсын.

2. Мынадай құрамда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы (бұдан әрі – жұмыс тобы) құрылсын:

Жұмыс тобының төрағасы: Таранов х. К., директордың орынбасары

Жұмыс тобының мүшелері:

- Қалиасқарова М. Б., мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер;
- Базарбекқызы А., директордың әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары;
- Қалиева С. Е., кадр жөніндегі инспектор
- Исахова А. А., бас есепші;
- Сембаев Ж. А., шаруашылық меңгерушісі.
- Рысқұлов к., заңгер

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары бекітілсін (№1 қосымша).

4. Жұмыс тобы 2025 жылғы 09 маусым мен 2025 жылғы 09 шілде аралығында мынадай бағыттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізісін:

1) персоналды басқаруға, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындауға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

3) мемлекеттік қызметтер көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

4) бюджет және қаржы қаражатын игеруге және бөлуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

5) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

6) ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша жүргізілген ақпарат жинау және қорыту жұмыстары аяқталғаннан кейін 2025 жылғы 09 шілдеге дейінгі мерзімде талдамалық анықтама жасалсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың орынбасары Х.К. Тарановқа жүктеймін.

Директор



Б. Айтмурзаев